

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.22>

А.Қ. Егенисова <sup>1</sup>, О.Ж. Кереева <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Ш.Есенов атындағы КМТИУ

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада болашақ педагогтардың тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың қажеттілігі қарастырылады. «Құзыреттілік» ұғымына анықтама беріліп, «құзырет» ұғымының психологиялық-практикалық және лингво-психологиялық мағыналарына сипаттама беріледі.

Сонымен қатар, автор тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыруда болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің жеке психологиялық ерекшеліктерін (темперамент) ескеруді атап өтіп, шетел тілін меңгеру және оқыту барысында кездесетін психологиялық кедергілер мен қиындықтар туралы талқылайды.

**Кілтті сөздер:** құзыреттілік, құзырет, тілдік құзыреттілік, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдері, тілдік құзыреттілікті қалыптастыру, психология, шетел тілі, темперамент.

Yegenissova A.K. <sup>1</sup>, Kereyeva O.Zh. <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> CSUTE named after Sh. Yessenov

## PSYCHOLOGICAL FEATURES OF FORMATION OF LANGUAGE COMPETENCE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

*Abstract*

This article discusses the need to develop the linguistic competence of future teachers. The author reveals the concept of competence, characterizes the psychological-practical and linguistic-psychological meaning of this concept.

In addition, the author notes that the formation of linguistic competencies takes into account the personal and psychological characteristics (temperament) of future primary school teachers, discusses the psychological barriers and difficulties that arise when learning and mastering a foreign language.

**Keywords:** competence, linguistic competence, formation of linguistic competence, psychology, foreign language, temperament.

Егенисова А.К.<sup>1</sup>, Кереева О.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> КГУТИ имени Ш.Есенова

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

*Аннотация*

В данной статье рассматривается необходимость формирования языковой компетентности будущих педагогов. Автор раскрывает понятие компетенции, характеризует психолого-практическое и лингво-психологическое значение данного понятия.

Кроме того, автор отмечает, что при формировании языковых компетенций, учитываются личностно-психологические особенности (темперамент) будущих учителей начальной школы, рассуждает о психологических барьерах и трудностях, возникающих при изучении и освоении иностранного языка.

**Ключевые слова:** компетенция, языковая компетентность, формирование языковой компетентности, психология, иностранный язык, темперамент.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттырудың қажеттігі заңды

құбылыс. Осыған орай, білім берудегі негізгі мақсат – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыру.

Халықаралық білім беру тәжірибесінде «құзыреттілік» ұғымы білім берудің мақсаты ретінде басты ұғымдардың біріне айналды. Бұл бағыт жаңаша реформа жасаудың негізі болып есептеледі. Бұған құбылмалы өмір ағынына ілесу, еңбек нарығындағы жаңалықтардан қалыспау, ақпараттар легін қабылдау және халықаралық стандарттарға сай мамандар даярлау себепкер.

«Құзырет» термині алғаш рет ағылшын тіліндегі әдебиеттерден пайда болып, «құзіреттілік» ұғымымен қатар ғылыми ортада кеңінен қолданылуда. «Құзіреттілік» және «құзірет» ұғымдары «білім», «дағды», «қабілет» ұғымдарына қарағанда әлдеқайда кең ұғым, өйткені ол мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлық аспектілерінен құралған. Ғалымдардың көпшілігі, олардың ішінде Дж. Равен, Ю.В. Варданян, В.А. Болотов, А.В. Хуторский бұл ұғымдарды әр түрлі саралаған. А.В. Хуторскийдің пайымдауынша, құзірет – білім алушының білімдік дайындығына қойылатын алдын-ала міндеттелген талап, ал құзіреттілік дегеніміз - оқушының қалыптасқан жеке қасиеттері және оның ең төменгі жұмыс тәжірибесі[1].

Ал, Дж.Равен құзіреттілікті белгілі бір пән саласындағы білім, іс-әрекеттің белгілі бір түріне деген ынтасы, тиісті жағдайларда шешім қабылдауға даярлығы ретінде қарастырады[2]. Ю.В. Варданян құзіреттілікті белгілі бір мәселелерді шешуде адамның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін қолдануға дайындығы мен қабілеті деп түсінеді. В.А. Болотов құзіреттілікті танымдық, пәндік-логикалық және тұлғалық синтез ретінде қарастырады[3].

Олай болса, зерттелген мәселелерді талдау арқылы психологтардың «құзіреттілікті» адамның кәсіби және жеке саладағы жетістіктерін қамтамасыз ететін психоәлеуметтік сапа ретінде қарастырылатындығына көзімізді жеткіземіз. Сонымен, «құзірет» түсінігі – өз ісін білетін, лайықты, шебер дегенді білдіреді. Ал, құзіреттілік дегеніміз – адамның белгілі бір саладағы білімі, іскерлігі, кез-келген мәселелерді шешуге және өз ойын білдіруге қабілетінің бар болуы. Бұл термин педагогикалық жүйенің негізгі өзегі, оның негізгі мағынасы, теориялық білімнің қайнар көзі, педагогикалық жобалау түрлерінің бірі болып табылады.

Қазіргі әлемде адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қабілетінің қажеттілігі барған сайын артуда, себебі жұмыстың тиімділігі мен қарым-қатынас деңгейі осыған байланысты. Қарым-қатынастың құрамдас бөлігі ретінде тілдік құзіреттілікті қалыптастыру маңызды болып табылады: «адамның тілдік құзіреттілігі оған тұрмыстық, білім беру, өндірістік, мәдени және өмірдің басқа салаларындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді» [4].

Тілдік құзіреттілік - бұл күнделікті сөйлесу қарым-қатынасының тәжірибесі негізінде тілдік сезімді қалыптастыруды және арнайы тілдік дайындық процесін құруды қамтитын психологиялық жүйе. Қазіргі уақытта тілдік құзіреттіліктің құрылысына ерекше мән беріледі, өйткені ол әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастырудың алғышарты ретінде қарастырылады. Тілдерді оқыту әдістерін сәтті игеру тілдік құзіреттіліктің жоғары деңгейімен қамтамасыз етіледі [5].

Білім алушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық теориялар мен тұжырымдамалар жасақталып, И.М. Берман, И.Л. Бим, М.А. Давыдова, И.А. Зимняя, Г.А. Китайгородская, А. сияқты педагогтар мен психологтардың бірқатар еңбектерінде қарастырылған. Алайда, алынған ғылыми нәтижелер көптілді педагог кадрларды даярлаудың нақты моделі ретінде тануға жеткіліксіз және білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау проблемасы әлі де айтарлықтай қарастырылмаған.

Бүгінгі технология және жаһандану заманында шет тілін меңгеру қажеттілік болып саналады. Себебі, қазіргі еңбек нарығындағы түлектің бәсекеге қабілеттілігі көбінесе оның тілдік дайындық деңгейімен анықталады. Шет тілін білу мансаптың тез өсуіне ықпал етеді, жас маманның жақсы жалақы алатын жұмыс табу мүмкіндігін арттырады. Алайда, шет тілін меңгергісі келетін білім алушылардың үйренуге деген ынтасы әрдайым қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Кейбір студенттер ешқандай күш жұмсамай-ақ, бірнеше ай оқығаннан кейін шет тілінде еркін сөйлей алады, ал біреулері коммуникативті кедергілерді жеңуге көп уақыт жұмсауға мәжбүр болады. Білім алушылардың тілдік қабілеттеріндегі бұл айырмашылықты қалай түсіндіруге болады?

Білім алушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда олардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне, темпераменттеріне назар аудару өте маңызды, өйткені адамның тілдік құзіреттілігін қалыптастыру оның әлеуметтенуінің сәттілік көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

С.И. Ожегова темперамент - бұл адамның қозу дәрежесін сипаттайтын және көзқарасында, сезімдерінің, мінез-құлқының беріктігінде көрінетін адамның жеке психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Темпераменттің сипаттамалары оқушылардың зияткерлік және танымдық іс-әрекетінде, сонымен қатар

олардың сөйлеу, есте сақтау, шоғырландыру, зейін, қабылдау және ойлау жылдамдығының ерекшеліктерінде көрінеді [6].

Темперамент түрінің жақсы не жаманы болмайды. Әрбір студенттің күшті және әлсіз жақтары бар, оны әрдайым шет тілін оқыту барысында, тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда ескеру керек. Міне, сондықтан оқытушы әр темпераменттің өз ерекшеліктері мен артықшылықтарына сүйене отырып, білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға жұмыстану қажет. Осы мақсатта темпераменттің негізгі төрт типі өкілдерінің шет тілін меңгеруге әсер ететін факторларды қарастырып көрейік.

Холерик – қиын темперамент иесі. Қызба, тез ашуланшақ, шыдамсыз болып келеді. Алайда, бір нәрсеге қызығушылығы болса, ол бастаманы өзі ұсынып, жігерлілікпен өз кірісіп кетеді. Холериктерге тілдер көбінесе оңай беріліп, тез меңгеріп алады. Табиғаты бойынша экстремист бола тұрып, ол жаңа байланыстарға, адамдармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады және тіл тосқауылынан қорықпай және ұялмай, оңай сөйлеседі. Оның жақсы есте сақтау қабілеті мен тез ойлануы холериктің тілді үйренуін жеңілдетеді. Холериктердің тілді меңгеруін қиындататын факторлар шыдамдылық болмауы мен эмоционалды өзгерістерге көп ұшырауы болуы мүмкін.

Сангвиниктер әдетте тез бейімделгіш, әсершіл, жұмыс жасау барысында белсенді және шапшаң келеді. Адамдармен тез тіл табысады, бір орында ұзақ тұрақтамайды және әрдайым жаңа әсерді қажет етіп тұрады. Ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, қызығушылығының басылуы да жылдам. Оған көбінесе ұзақ және монотонды істерді орындау қиынға соғады. Осыған байланысты ол ұзақ уақыт пен шыдамдылықты талап ететін тапсырманы аяқсыз қалдырады. Холерик сияқты сангвиникке шет тілін меңгеруде қиындықтар болмайды. Оның адамдармен тез тіл табысатындығы, білімді игерудің жоғары жылдамдығы мен сүйкімділігі шет тілінде сөйлеу дағдысын дамытуға ықпал етеді. Тіл үйренуге кедергі келтіретін факторларға іске үстіртін қарауы мен тұрақсыздығы, сонымен қатар басқа нәрсеге үнемі назар аударуы (аландаушылығы) жатады.

Іс-қимыл мен сөйлеуде баяу, сабырлы флегматик барлық қиындықтарға қарамастан ұзақ уақыт бойы шыдамдылықпен бір іспен айналыса алады. Өз дегенінен қайтпайды, табанды, бос сөйлеуді ұнатпайды және сирек ашуланады, өз күшінің неге жететінін біледі және бастаған істі аяғына дейін жеткізеді. Флегматик интроверт бола отырып, есте сақтау қабілеті төмен және ауызекі сөйлеуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Әңгімелесушіге үйреніп, байланыс орнату үшін оған ұзақ уақыт керек. Бірақ, холерик пен сангвиникке қарағанда, ол шыдамдылық пен дәйектілікті қажет ететін ой қызметіне көбірек қабілетті және одан шаршамайды.

Меланхолик сабырлығымен, баяулығымен, сондай-ақ ұялшақтығымен және бәсең сөйлеуімен ерекшеленеді. Меланхолик эмоционалды тұрғыдан осал, басқаларға қарағанда ол қорқыныш, көбінесе қауіптің сипатын асыра бағалайды, мұндай адамдар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналу ықтималдығы жоғары. Шет тілін үйрену кезінде меланхоликтің қатты қобалжуы оның ауызша байланысқа түсуіне кедергі болуы мүмкін. Нәтижесінде тілді меңгерудің деңгейі темпераменттің басқа түрлерімен салыстырғанда төмен болуы мүмкін. Алайда, егер сіз меланхоликті ашуға мүмкіндік берсеңіз, ол өзін терең әрі ойлы әңгімелесуші, мағыналы диалог құра алатындығын дәлелдейді. Сондай-ақ, оның артықшылықтарының қатарында тілді жеке үйренуге мүмкіндігі бар, өйткені ол холерик және сангвиник адамдардан айырмашылығы, топтық жұмысты қажет етпейді.

Жүргізілген зерттеу барысында болашақ бастауыш мектеп мұғалімдері үшін шет тілі сабақтарында үлкен кедергі болып табылатын ұстамдылық, байсалдылық, сылбырлық және тұйықтылық, қауырттылық сияқты жеке тұлғаның қасиеттері тән екенін байқалды. Мысалы, фонетикалық жаттығу, диалогтар, ой ашар, рөлдік ойындарды орындағанда ұялып, өз ойын шет тілінде жеткізу қиындық тудырады, олар көпшіліктің көздерінде күлкілі көрінуден қорқады. Холерик және сангвиник студенттер керісінше, мұндай жұмыс түрлерін үлкен қызығушылықпен құмарта орындайды, өйткені мұнда олар өзінің әртістігін, ашықтығын, тез тіл табысқыштығын көрсете алады. В. Н. Куницинаның зерттеу деректері бойынша ұялшақтық, жатырқаушылық, жоғары сезімталдық сияқты жеке қасиеттер қарым-қатынас жасау мен тіл үйренуге, білім алуға кедергі келтіреді [7].

Қорыта келгенде, тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыруда болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің жеке психологиялық ерекшеліктеріне, темпераментіне сүйенуінің маңызды екендігіне көзімізді жеткіздік. Білімді меңгеру үдерісіне келесі қасиеттер әсер етуі мүмкін: қабылдау жылдамдығы, зейіннің шоғырлану ұзақтығы, психикалық темп және ритм. Сондай-ақ психикалық іс-әрекеттің бағыттылығы да маңызды рөл атқара алады, мысалы, экстраверт, жаңа қарым-қатынас жасауға, адамдармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады және сөйлеудің эмоциялық бояуы, мысалы, қарым-қатынас кезінде эмоциялардың айқындылығы. Осы мәліметтерге сәйкес, эмоцияға берілуі шапшаң, пысық холерик темпераменті бар студенттер флегматик темпераментті студенттерге қарағанда еті тірі болып келеді. Сангвиник темпераменті басым білім алушылар оқуда анағұрлым табысты, ал флегматик

және меланхолик темпераменті басым білім алушылар шет тілін меңгеруде көп қиындықтарға ұшырайтындығы айқындалған.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шустова В.М. Профессиональная компетентность учителя // Педагогическое образование и наука. - 2009.-№1. - С. 60-64
2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М.: Когито-Центр, – 400 б.
3. Хуторской А.В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. – М.: Изд-во МГУ, 2003. – 416 б.
4. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. – 129б.
5. Зимняя, И. А. Психология обучения иностранному языку в школе. – М.: Просвещение, 1991 – 78-80 б.
6. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам.-М.: Просвещение, 1969. -85б.
7. Куницына В. Н. Межличностное общение. Учеб. для вузов. - СПб.: Питер, 2001. - 544б.